Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы

5-ТАҚЫРЫП: ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ДОЦЕНТ
ДҮЙСЕНБАЕВ АБАЙ ҚАБАҚБАЙҰЛЫ

Дәріс жоспары

1. Жоғары мектеп оқытушысының кәсіби құзыреттілігі туралы түсінік
2. Оқытушының педагогикалық шеберлігі
3. Педагог имиджі
4. Кәсіби құзыреттілік пен педагогикалық шеберлікті дамыту жолдары

Дәрістің мақсаты

Жоғары мектеп оқытушысының **кәсіби құзыреттілігі** және **педагогикалық шеберлігі** туралы білімдер жүйесін қалыптастыру

АҒЫЛШЫН АҒАРТУШЫСЫ УИЛЬЯМ УОРД

Ұстаздық деңгейлері

Қарапайым ұстаз
хабарлайды

Жақсы ұстаз
түсіндіреді

Керемет ұстаз
көрсетеді

Данышпан ұстаз
шабыттандырады



«Құзыреттілік» ұғымы

competentia
(лат.) – лайықтымын, қабілеттімін

→

білімі, тәжірибесі мен іскерлігін нақты жағдайда тиімді қолдана алу қабілеті

НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАРЫ

Білім мен дағды жиынтығы

теориялық білім, іске асыру дағдылары және өмірлік тәжірибе

Практикалық көрініс

құзырет – ішкі әлеует, құзыреттілік – сол әлеуеттің жұмыста немесе оқуда көрініс табуы

Жауапкершілік пен өкілеттік

мәселе төңірегінде шешім қабылдауға құқылы болу және оны меңгеру

1. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК

Оқытушының кәсіби құзыреттілігі

теориялық және практикалық дайындық пен қабілеттің бірлігі: білімді өзгермелі университет ортасында, ғылыми және педагогикалық іс-әрекетте нәтижелі қолдану

ЗАМАНАУИ ТРЕНД: ОҚЫТУШЫ РӨЛІНІҢ ӨЗГЕРУІ

Ретранслятор
тек ақпарат беруші

→

Фасилитатор
бағыттаушы

Ментор
ақылшы

Зерттеуші
ғылыммен айналысушы

Нәтиже: студенттерде еңбек нарығына қажетті Hard және Soft skills кешенін қалыптастыру

Негізгі құзыреттілік блоктары

Пәндік (ғылыми)	Педагогикалық-әдістемелік	Цифрлық	Зерттеушілік	Коммуникативтік
пән теориясын, соңғы ғылыми жаңалықтар мен тенденцияларды терең білу	сабақты тиімді жоспарлау, күрделіні қарапайым жеткізу, бағалау критерийлерін құру	LMS (Moodle, Canvas), Padlet, Kahoot, Miro, ЖИ құралдарын оқу процесіне енгізу	Scopus, WoS мақалалары, жобалар мен гранттар, СҒЗЖ-ға жетекшілік	студенттермен, әріптестермен, халықаралық қауымдастықпен диалог, конфликтіні басқару

Оқытушының педагогикалық шеберлігі

үнемі жетілдіруге негізделген, жоғары нәтиже беретін өнер деңгейіндегі іс-әрекет

Педагогикалық техника

- дикция, дауыс ырғағы
- мимика, пантомимика
- аудитория алдында өзін ұстау мәдениеті

Психологиялық байқампаздық (такт)

- студенттің эмоционалдық күйін түсіну
- жеке ерекшеліктерді ескеру
- сыйластық ахуалы (эмпатия)

Инновациялық әдістер

- Case-study
- Problem learning
- Project learning

Импровизация

- күтпеген сұрақтар мен жағдайларға жедел әрі логикалық жауап беру

Педагог имиджі

сыртқы келбеті, сөйлеу мәнері, кәсіби білімі мен тұлғалық қасиеттері арқылы қалыптасатын тартымды әрі сенімді бейне

ИМИДЖ ҚҰРЫЛЫМЫ

Сыртқы келбеті	Вербалды емес қатынас	Ішкі (рухани) компонент	Кәсіби бедел
ұқыпты, іскерлік стиль, жинақы пішін, жағымды мимика	дауыс ырғағы, мәнерлі сөйлеу, дене қимылы, жүріс-тұрыс мәдениеті	кәсіби біліктілік, әділеттілік, эмпатия, түсіне білу	сенімді ақтау, өз пәнін терең меңгеру

Педагог имиджіне қойылатын заманауи талаптар

1

Цифрлық сауаттылық

заманауи технологияларды сабақта тиімді қолдана алу

2

Үздіксіз даму

өз білімін ұдайы жетілдіріп, жаңашыл болу

3

Эмоционалды интеллект

көңіл-күйді түсініп, аудиторияда жағымды ахуал орнату

Құзыреттілік пен шеберлікті дамыту жолдары

Үздіксіз білім алу
Lifelong Learning

біліктілікті арттыру курстары, шетелдік және отандық тағылымдамалар

Рефлексия
өз-өзін талдау

әр сабақтан кейін:

«Не сәтті өтті?»

«Не сәтсіз болды?»

«Нені өзгерту керек?»

Өзара сабаққа қатысу
Peer review

әріптестердің тәжірибесін зерттеу, трендтермен бөлісу

Студенттердің кері байланысы
сауалнама

сауалнамалар мен анонимді бағалау арқылы жұмыс сапасын тексеру

Қорытынды: заманауи жоғары мектеп оқытушысы

тек «ғалым» немесе тек «мұғалім» емес – **креативті педагог-шебер**

1. **терең ғылыми білімі бар**
2. **цифрлық технологияларды еркін меңгерген**
3. **студентті тұлға ретінде құрметтейтін**
4. **өз пәніне шабыттандыра алатын**

Назар салып тыңдағандарыңызға рахмет!